



ҚОШ
КЕЛДІҢІЗДЕР

МУЗЫКА

сабағы

2 Г СЫНЫБЫ





Үй тапсырмасын тексеру

**Халық әні «Қалаулым»
жаттау**

A decorative frame with a blue background and a green border. The frame is adorned with yellow and green floral flourishes at the corners. A yellow pencil with a pink eraser and a sharpened lead tip is positioned diagonally across the top of the frame.

Сабақтың тақырыбы:


*Халықтың мақтанышына
айналған домбыра, шертер,
қобыз.*

Сабақтың мақсаттары:

- ❖ *ақпараттық:* Ақпарат көздері арқылы халықтың мақтанышына айналған домбыра,қобыз,шертер туралы оқушыларға мәләмет,ақпарат беру.
- ❖ *коммуникативтік :* Оқушыларға домбыра,қобыз, шертердің қандай аспаптар екенін айтып,музыкалық білімдерін арттыру.
- ❖ *проблеманы шешу:* Сурет бойынша жұмыс жасай білуге үйретіп,шығармашылығын дамыту.

Тақтамен, оқулықпен жұмыс





Домбыра - қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау , термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады.

Атақты күйшілер



Қазақ мемлекетінде инструменталды тенденцияны құрушы жалғыз ғана топ бар.



Домбыра
Екі ішекке бір тиекті
қондыра,
Ойнаймыз біз қолымызды
талдыра,
Білсең егер айта қойшы
балақан?!
Бұл қай аспап? Бұл – кәдімгі
домбыра.



Домбыраның көлемі шағын, жеті-тоғыз
пернелі
шанағы жұмыр, мойны ұзын болып келеді.

*Құрылысы жағынан
домбыраның екі түрі бар.*

Кішкентай

Алып



Қобыз - бағзыдан келе жатқан таңғажайып аспап
Қобыз – көнеден келе жатқан қазақ халқының
музыкалық аспабы. Скрипка аспабының атасы
саналатын қобыздың арғы тегі садақтан шыққаны
ғылыми түрде дәлелденген.


Аспап ысқысы бар аспаптардың қатарына жатады.
Әр халықтың ысқылы аспабының атаулары басқа
болғанымен, ойнау тәсілдері ұқсайды.

Аспап мүмкіндігі зор, әрқилы дауысты, оның
ішінде табиғи дыбыстарды айнытпай шығарады.

Қобыз сөзі «қобыдан шыққан дыбыс» деген мағына
береді. Қазақ халқы үшін қобыз киелі аспап болып
саналады.

Қорқыт

*Қорқыт туар кезінде
Қара аспанды су алып
Қара жерді құм алған
Ол туғанда, ел қорқып
Туғаннан соң қуанған.*



Қобыз

Жан дүниенді тербетеді

толқытып,

*Бұл аспаптың естігенде саз
үнін.*

*Қорқыт бабам тіл бітірген
қай аспап?*


*Бұл, әрине, қасиетті
қобызым.*



Қобыз қайың, арша сияқты ағаштардың тұтас бөлігінен шауып жасалады. Бас, кеуде, аяқ деген үш бөліктен тұрады. Төменгі бөлік терімен қапталып, оған тиек қойылады. Екі ішегі жылқы қылынан тартылады.

Шертер – ежелгі шекті аспап. Аспап бір ғана бұрандалы болып келеді, шектің бір басы бұрандаға, екіншісі басына бекітіледі. Шертер аспабы аңыз, ән, ертегілерді айтқанда қолданылған. Ол бақташылар арасында кең тараған. Қазақтың көне музыкалық аспаптарының біріне жататын ол шертіп ойнау тәсіліне байланысты шертер деп аталған. Ертедегі шертерлер ағаштан ойылып, шанағы терімен қапталған. Дыбыс күші қапталған терінің жұқа-қалыңдығына, ішегінің жуан-жіңішкелігіне байланысты. . Бұл аспаптың өткен ғасырларда негізінен малшылар арасында кең тарағандығы жайлы халық аңыздарында айтылады.

Шертер
Саз әлемді тербетер,
Ойынды да сергітер.
Домбыраға ұқсайтын.
Қызық аспап –
шертер



Шертер екі немесе үш ішекті болып келеді.
Пернесі болмайды, ішегіне ызған жылқы қылы тағылады. Жалпы тұрқы 650
— 700 мм. Ойнау тәсілі домбыраға жақын болғанымен, жасалуы жағынан
қылқобызға көбірек ұқсайды.

№30 ОЖББМ

**ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
ОРЫНДАУЫНДА КҮЙ
ТЫҢДАУ**



Ықыластың күйі «Жезкиік»

**Орындайтын : Дүние жүзілік, республикалық,
обылыстық, қалалық байқаулардың гран-при
игері Атошева Гулим**



**Желдібаевтың күйі: «Еркесылқым»
Орындайтын : Обылыстық, қалалық
байқаулардың жеңімпазы Тукбаева
Гаухар**



Мақал құрастыру

домбыра



қазақ емес

Нағыз

Нағыз

қазақ

қазақ,





Ән үйрену

Домбыра

1. Жердегі домбыраның таласында
Айтады жүректегі баба жыры,
Бір тілек терезеде жаңа ғана
Аялы-ы аялы анамыздай жанашыры.

Қ-сы

Кеудесінде сан арман
Ән мен күйге жаралған,
Көздің аты дала домбыра
Сеніменен сырласар,
Әніменен жыр асар
Көздің аты дала домбыра.

2. Сырағы қаратаудың насарланған
Алауда жанып кетер жастар жанға
Көл жалын дүниенің келбесінде
Ежелден-е ежелден домбыраны сақтандырған



Сергіту сәті

*Түн болды,
Таң атты.*

*Күн шықты,
Жел тұрды.*

Аспанды бұлт жапты.

Жайлап жаңбыр жауды.

Жаңбыр құйды.

Найзағай тарс етті,

Мен бұға қалдым



V. Венн диаграммасы.

ортақ, ұқсас сипаттарды жазыңдар.

(қандай музыкалық аспаптармен және күйшілермен таныстыңдар?)

Кұрманғазы,

Дина,

Ықылас,

Әбдімомын

Желдібаев,

Аспаптар
Күйшілер

Домбыра


Қобыз

Шертер



Үйге Тапсырма

*Халық мақтанышына айналған-
домбыра, қобыз, шертер
аспаптары туралы реферат
жазу. Ән: «Домбыра» жаттау*



**Сабақ беру-үйреншікті
жай ғана шеберлік емес,
ол-жаңадан жаңаны
табатын өнер.**

Ж. Аймауытов



**САБАҚ АЯҚТАЛДЫ.
НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**